

Табиғи зілзала болған жағдайда халықты уақытша баспанамен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 қазан 1992 ж. N 926

Апаттар, күйреулер, табиғи және экологиялық зілзала тудырған төтенше жағдайлар болған кезде халықтың тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеттің, "Қазжиһаз" жиһаз және ағаш өнеркәсібі мемлекеттік концернінің және агроөнеркәсіп кешенін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі Қазақ республикалық бірлестігінің мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік резерві құрамында табиғи зіл-зала бола қалған жағдайда халықты уақытша паналату үшін киіз үйлер мен оларға қажетті "Орск" модулі үлгісіндегі конструкциялы жылыту пештерінің резервін жасау туралы ұсынысы қабылдансын.

2. "Қазжиһаз" және "Қазагрожөнмаш" мемлекеттік концерндері 1992-1994 жылдары 5 мың киіз үй мен оларға жылыту пештерін, соның ішінде 1992 жылы - 400 дана, 1993 жылы - 2,5 мың 1994 жылы - 2,1 мың дана әзірлеп, "Қазагроөнеркәсіптехника" республикалық бірлестігіне өткізсін.

3. Қазақстан Республикалық Материалдық ресурстар министрлігі, "Қазагроөнеркәсіптехника" республикалық бірлестігі, "Қазжеңілөнеркәсіп" және "Қазжергіліктіөнеркәсіп" мемлекеттік концерндері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Қазжиһаз" және "Қазагрожөнмаш" мемлекеттік концерндерінің өтінімдеріне сәйкес шикізат пен материалдар жөніндегі қажеттілігін қамтамасыз ететін болсын.

4. "Қазагроөнеркәсіптехника" республикалық бірлестігі 1992 жылы өз базаларында "Орск" модулі үлгісіндегі 5 конструкциядан резерв жасасын.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті осы конструкциялардың төлемін жасасын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің резерв қорынан Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетке және "Қазагроөнеркәсіптехника" республикалық бірлестігіне 1992 жылы мемлекеттік резервке салынатын 400 киіз үй мен оларға қажет жылыту пештерін және "Орск" модулі үлгісіндегі 5 конструкциясын, сондай-ақ осы аталған материалдық құндылықтарды сақтауға және жаңартуға байланысты шығындарды төлеуге қажетті қаржы бөлінсін.

6. "Қазагроөнеркәсіптехника" республикалық бірлестігі киіз үйлер мен оларға қажет жылыту пештерін қабылдап алып, оларды сақтайтын пункттерді белгілесін, әрі саны мен сапасының сақталуын, сақталу мерзімдеріне сәйкес дер кезінде жаңартылып отыруын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет осы қаулының орындалу барысын бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикалық
Премьер-министрі